**"2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 22 шілдедегі № 125 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы № 1144 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 64-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), ҚМ»;

реттік нөмірі 67-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 97-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), ҚМ»;

Ескертпеде:

«ҚНРА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі» және «АӨҚО - Қазақстан Республикасындағы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі» деген жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ - «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына:

| | |
|---|---|
| Ермегияев Талғат Амангелдіұлы | - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі, |
| Мұсаханов Анзар Тұрсынханұлы | - Алматы облысының әкімі |

енгізілсін;

мына:

«Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі, Комиссия төрағасы»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Саудабаев Қанат Бекмырзаұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Комиссия төрағасы»;

көрсетілген Комиссия құрамынан Т.М.Досмұхамбетов, С.Ә.Үмбетов шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК